

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы**

**«Бастауыш сынып»,  
оқу құралдарымен оқулықтарының  
сапасына қойылатын,  
жаңа талаптардағы сарапшыларға арналған оқыту  
вебинар курсының бағдарламасы  
*Психология саласына бағытталған***

*Автор: Пед., және пс. ғыл., Магистрі, Назашыбаева  
Сағым Көпбайқызы*

**Алматы -2020**

**17-шілде**

**БАСТАУЫШ СЫНЫП,  
ОҚУЛЫҚТАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ САРАПТАУДА  
БАЛАЛАРДЫҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЕСКЕРУ**

**• Алматы -2020 ж**

- «Сауат ашу негіздері» пәні- атында айтып тұрғандай шәкірттің сауат ашуына арналған әліппеге қосымша дәптері. Дыбыс, буын, сөз және сөйлемнің анықтамаларын ашып, 42-әріптің баспа түрімен таныстырады.
- негізгі мақсаты – хат таныту, оқыту, сауат ашу.
- **Оқу бағдарламасы міндеттері:** **Дыбыс және сөз/сөйлеу, мәтін арқылы әріп** туралы алғашқы түсініктер қалыптастыратын болады. **Дауысты және дауыссыз** дыбыстарды ажырату арқылы сөзді талдай білетін болады. Психикалық қабылдау ерекшеліктеріне қарай, жылдам ой елегінен өткізіп, кері байланыс арқылы мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу
- **Тәрбиелеу психологиясы** - Тәрбие ісіндегі ойдың қырымен сыры / әдіс-тәсілдердің күрделі процессі.
- **Тәрбие әдістері-** бастауыш оқушыларының қабылдауына сай, шамасы келетін талап қою және міндеттерін жүктеумен қатар қадағалап дыбыстық талдауды түсінуіне машықтандыру.
- **Машықтану-** үлкен жауапты іс. Шәкіртке, ұстаз талап қою арқылы-міндет жүктеу, үй тапсырмасын орындауға бірте-бірте машықтау. Бала психикасына аса салмақ салынса, психологиясы күрт өзгеруіне себепші болады. Сарапшы мамандар ескеруі қажет.

## Оқу бағдарламасы

Дыбыстық талдау- Дыбыс және әріп.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар:

**а, ә, о, ө, ұ, ү, (у), ы, і, е, ё, и, у, э, ю, я.**

Орыс тілінен енген сөздерде - **ю, я, ё, э** кездеседі.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар:

**б, в, ғ, г, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, (у), ф, х, һ, ц, ч, ш, щ.**

Талап қою түрлері - жас ерекшелігімен, жеке даралығымен, қабылдауына байланысты, жыныс және ұлттық ерекшеліктеріне қарай нақты және үнемі жағдайға қарап түрлендіру.

(Шәкірттің, іс-әрекетін жиі қадағалау.)

**1 – ден,** тапсырма бойынша орындалуы күмәнсіз нәрселерге нақты (дәл, анық) талап. **Сауат ашу пәндерінің құралдарындағыдай қайшы пікірлердің орын алмауын қарастыру.** (Ата-ана және ұстаздар тарапынан)

**2-ден,** өте қысқа, «ықшам сөздер»-мен тұжырымдалады. Шәкірттің, қабылдап жақсы түсінуіне байланысты нәтижелі орындалуы.

**3-ден,** талап Шеберлікпен ұстаздық тактісі бойынша - барынша байсалдылықпен, шәкірттің ар-ожданын сыйлау.

Сонымен қатар, орындалғаны жөнінде есеп алуды ескеру және мақұлдау арқылы, шәкіртті іс-әрекетке ынталандыру. («Жақсы», «өте жақсы», «тамаша», «жақсы нәтиже шықты», т.б осындай сөздер – үлкен демеу болып шәкіртті жігерлендіреді.)

**Өзіндік сана-** шәкірт, өзінің жеке қасиеттерін игеріп түсінуі.

**Творчестволық қиял-** іс-әрекет саласында, қиялдау арқылы жаңа бейнелер жасау. Қабілетті редакторлардың тақырыпқа сай бейнелерді суреттеудегі қиялы, жақсы мысалдар келтіру. Шәкірттің , психологиялық тежелмеуі ( шәкірт, психологическая травма алмауы қажет). **«Менің отбасым»** - тақырыбын алып қарастырсақ, отбасы мүшелерін ескерген дұрыс болар еді. Себебі, кейбір отбасы түгел болып келмеуінің астарына мән беру.

*(Шәкірттің қабылдауындағы, психикасына әсер етуді ескеру!)*

Шәкірт, ақын-жазушылар және авторлар қиялы арқылы өзінің келешек кейіпкерлерін көреді немесе елестетеді. Сөзін естиді/елестетеді.

Нағыз еңбектенуді, ғылымилықты көп қажет етеді. Ұлттық құндылыққа аса мән беру.

**Буын. Буын үндестігі**  
**Сөз және оның мағыналары**

- Шәкірт қабылдауына аса мән беру.

**НАЗАР АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**